 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ	
ИМЖ құжатының атауы:	«ҚазТрансОйл» АҚ-тың энергетикалық саясаты	
Саясат	1-ден 1-бет	
Әзірлеуші: технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаменті	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (20__ ж. «__» _____ № _____ отырыс хаттамасы)	

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі бола отырып, ұлттық деңгейде өзінің энергия тұтынуда әсер етуін түсіне отырып, негізгі басым міндеттердің бірі ретінде сыртқы және ішкі факторларды, мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін ескере отырып, энергетикалық тиімділікті тұрақты арттыруды айқындады, оны орындау үшін Қоғам басшылығы өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

1) энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, халықаралық және ұлттық стандарттар талаптарын, Қоғамның ішкі құжаттарын сөзсіз орындау;

2) энергия көрсеткіштерін үнемі жақсартуға және энергияны басқару жүйесінің жарамдылығын, жеткіліктілігін және тиімділігін арттыру;

3) энергетикалық мақсаттарға қол жеткізу және энергетикалық мәселелерді шешу үшін қажетті ақпарат пен ресурстардың болуын қамтамасыз ету;

4) энергия ресурстарын үнемдеу жөніндегі іс-шараларды іске асыру, Қоғам жұмыскерлерінің құқықтарын, міндеттері мен оларды жүзеге асыру үшін жауапкершіліктерін нақты белгілеу арқылы Қоғамның энергия үнемдеу қызметін жақсарту;

5) Қоғам жұмыскерлерінің энергия ресурстарын ұтымды жұмсау мен үнемдеуге қызығушылығын арттыру арқылы энергияны үнемдеуге ынталандыру жүйесін дамыту;

6) энергетикалық сипаттамаларды жақсартуға әсер ететін энергия тиімді жабдықты, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;


7) энергия ресурстарын ұтымды тұтыну нәтижесінде қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту;

8) Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру саласындағы ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету;

9) энергетикалық сипаттамалардың жақсаруын ескере отырып, жобалық қызметті жүзеге асыру;

10) энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Қоғам жұмыскерлерінің құзыреттілік деңгейін арттыру.

Қоғам басшылығы өзіне алған міндеттемелерді орындау Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының орнықты



дамуына жәрдемдесу үшін осы Саясатты табысты іске асырудың, энергия тиімділігін тұрақты жақсартудың кепілі деп санайды.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер энергетикалық мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады және Қоғамның серіктестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғам басшылығы осы Саясатты іске асыруға және барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты болады.

Келісілді:

Лауазымы	Қолы	Тегі, аты-жөні
Бас директордың орынбасары		Арынов С.А.
Бас директордың орынбасары		Исақов Ж.А.
Корпоративтік мәселелерді құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры		Досанов Е.Б.
Бизнес-процестер мен тәуекелдерді басқару департаментінің директоры		Сеилов Н.С.
Технологиялық режимдер және энергия менеджменті департаментінің директоры		Гаврилов А.П.

Орынд: С.Умбетов
тел.: 555-207